

2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 24 мамырдағы N 65 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Шемонаиха аудандық әділет басқармасында 2010 жылғы 02 шілдеде N 5-19-122 тіркелді. Қаулысының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Шемонаиха ауданы әкімінің 2011 жылғы 15 сәуірдегі N 1-1205 хаты)

Ескерту. Қаулысының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Шемонаиха ауданы әкімінің 2011.04.15 N 1-1205 хаты).

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы, 1-тармағы 8) тармақшасына, «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 сәуірдегі Заңының 19, 20, 21, 23 баптарына, «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы № 960 Ж а р л ы ғ ы н а ,

«Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы № 960 Жарлығын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 15 сәуірдегі № 313 қаулысына сәйкес, Шемонаиха ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтар 2010 жылдың сәуір - маусымында және қазан-желтоқсанында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құрамаларының қатарына мерзімді әскери қызметке шақырылсын.

2. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес аудандық шақыру комиссиясының дербес құрамы құрылсын және бекітілсін.

3. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес 2010 жылдың сәуір-маусымында аудандық шақыру комиссиясының жұмыс кестесі бекітілсін.

4. Қала, кенттер және ауылдық округтердің әкімдері, аудандық ұйымдардың басшылары, әркімнің өз құзыры шегінде азаматтардың мерзімді әскери қызметке шақырылуын уақтылы және ұйымшылдықпен өткізу үшін:

1) әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтардың шақыру учаскесіне толық және уақтылы келуін қамтамасыз етсін;

2) әскерге шақырылушыларды тасымалдау кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттары өкілдерінің алып баруымен жүргізілсін;

3) комиссияға қажетті құжаттарды дайындап, тапсыруды қамтамасыз етсін.

5. «Шемонаиха ауданының медициналық бірлестігі» КМҚК директоры (Т.М. Абайделдинов келісім бойынша) медициналық комиссияның жұмысын, кезекті мерзімді әскери қызметке шақырылушы ер азаматтардың сапалы куәландыруларын бақылауға алу;

Шемонаиха қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің (ҚІЖБ) аудандық медициналық комиссиясы маман дәрігерлермен, орта дәрігерлік қызметшілермен жинақтау шараларын қабылдау;

Шемонаиха ҚІЖБ дәрігерлік қамтамасыз етуіне арналған шығын төлемі шарт негізінде жүргізу ұсынылсын.

6. «Шығыс Қазақстан облысының ішкі істер департаментінің Шемонаиха ауданының ішкі істер бөлімінің» ММ бастығы (Р.Т. Рамазанов келісім бойынша) әскери қызметке шақырудан бұлтартқан азаматтарды іздеу, облыстық жинақтау пунктіне жіберу кезінде шақыру пункттерінде тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету.

ҚІЖБ аумағында полиция қызметкерінің кезекшілігін ұйымдастыру ұсынылсын.

7. Ішкі саясат (Т.С. Степанова), мәдениет және тілдерді дамыту (Ә.К. Селтеева) бөлімдері шақыру кезеңінде әскери қызметке шақырылушы жастармен тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыру және шақырылушылардың салтанатты аттануын өткізуге белсене қатысып, командалардың қалыптастырулары мен аудандық шақыру пунктінен аттандыруға дейін Қарулы Күштердің соғыс және еңбек ардагерлерімен кездесулерді ұйымдастырсын.

8. Аудандық қаржы бөлімінің бастығы (Н.Р. Крузмягина) 2010 жылға арналған аудандық бюджетпен белгіленген мөлшерде, азаматтарды шақыру бойынша шараларды қаржыландыруды жүргізісін.

9. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарына азаматтарды

шақыруды мерзімінде және ұйымдастыруды жүргізу үшін бастап қызметкерлер саны 4 адам (4-техникалық қызметкерлер) жұмысқа алынсын. Төлем ақы 2010 жылға арналған бюджетте белгіленген қаржы шегінде жүргізілсін.

10. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т.Д. Колтуноваға жүктелсін.

11. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шемонаиха ауданының әкімі А. Кәрімов

Келісілді:

Шемонаиха ауданы қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы М. Чурбанов

Шемонаиха ауданы ІІБ бастығы Р. Рамазанов

«Шемонаиха ауданының медициналық бірлестігі»

КМҚК директоры Т. Абайделдинов

Шемонаиха ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 24 мамырдағы

№ 65 қаулысына 1-қосымша

2010 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру кезіндегі аудандық комиссия ҚҰРАМЫ

Марат Дәулетқанұлы Чурбанов	Шемонаиха ауданы қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы, комиссия төрағасы;
Татьяна Дмитриевна Колтунова	аудан әкімінің орынбасары, комиссия төрағасының орынбасары.
Комиссия мүшелері:	
Ерлан Армиянұлы Габдуллин	Шемонаиха ауданының ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары (келісім бойынша);
Төлеужамал Ағзамқызы Жампеисова	аудандық терапевт, медициналық комиссияның төрайымы (келісім бойынша);
Светлана Юрьевна Семенчукова	медициналық комиссия хатшысы (келісім бойынша).

Шемонаиха ауданы әкімі аппаратының басшысы Ж. Қалиева

Шемонаиха ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 24 мамырдағы

№ 65 қаулысына 2-қосымша

Ескерту. 2 қосымша жаңа редакцияда - Шемонаиха ауданы әкімдігінің 2010.10.18 № 177 (жарияланғаннан кейін 10 күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК